# Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша интерндерге арналған әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)

**Мамандық:**Педиатрия
**Пән:** Балалар аурулары
**Курс:** V
**Кафедра:** Педиатрия 2
**Құрастырушы:** Шагираева С.К.

Шымкент 2022 ж

«Педиатрия-2» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, бекітілді.

Кафедра меңгерушісі, профессор ____________ Г.Е. Бектенова

Хаттама № 5 "29" 12 2022 ж.

**1.Клиникалық дағды аталуы:** Антропометрия

**2.Оқыту мақсаты**:Баланың физикалық дамуын бағалаудағы интерндердің білімдерін, коммуникативті дағдыларын, компетенциясын жетілдіру.

**3.Дағдыны игеруге арналған қажетті теориялық білімдер :**ҚР диагностика және емдеу клиникалық хаттамасы бойынша 2017 жыл.

**4.Тренажер, симулятор, манекен, моделдер тізімі:**

1.Манекен 1жас, 5 жас бала

**5.Медициналық құралдар мен жабдықтар тізімі :**

1.Дезерітінді,
2. сантиметрлік лента
3.горизантальды бой өлшегіш,
4.таразы
5.жаялық

**6.Дағдыны орындау алгоритмі**

1. Дене салмағын өлшеу

| № | **Әрекет алгоритмі** | Орындалды | Орындалмады | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тексеру мақсатын анасына түсіндіру.<br>Таразыны тегіс жерге орналастыру.<br>Керек заттарды дайындау. | | | |
| 2. | Таразының басы жабық тұруын тексеру.Қолды жуып, кептіріп, қолғап кию. | | | |
| 3. | Лотокты дезерітіндісімен өңдеу. | | | |
| 4. | Лотокқа жаялықты төсеу. | | | |
| 5. | Таразыны нөлдік бөлімде тұруын қадағалау. | | | |
| 6. | Баланы таразыға жатқызу. | | | |
| 7. | Баланың салмағының көрсеткішін жазу. | | | |
| 8. | Таразыдан жаялықты алып, үстін дезерітіндісімен өңдеу.<br>Қолғапты шешіп, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қолды жуып кептіру. | | | |

2. Бас шеңберін өлшеу

| № | **Әрекет алгоритмі** | Орындалды | Орындалмады | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Сантиметрлік лентаны екі жағынанда спиртке батырылған салфеткамен сүрту. | | | |
| 2. | Баланы жатқызады немесе отырғызады. | | | |
| 3. | Сантиметрлік лентаны баланың басына келесі бағытта орналастырады:<br>а) артынан – шүйде төмпешігіне;<br>б) алдынан – қас төмпешігіне.<br>(тексерушінің саусағы баланың басы мен лентаның арасында қалып кетпеуін қадағалау керек). | | | |
| 4. | Баланың бас шеңберінің көрсеткіштерін анықтап, оны ауру тарихына жазу керек. Анасына қорытындысын айтуы қажет. | | | |

3. Кеуде шеңберін өлшеу

| № | **Әрекет алгоритмі** | Орындалды | Орындалмады | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Баланы жатқызады немесе отырғызады. | | | |
| 2. | Сантиметрлік лентаны баланың кеудесіне келесі бағытта орналастырады:<br>а) артынан – жауырыннның төменгі бұрышына;<br>б) алдынан – емізікшенің үстіне.<br>(тексерушінің саусағы баланың лента мен дененің арасында | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қалып кетпеуін қадағалау керек). | | | |
| 3. | Баланың көкірек шеңберінің көрсеткіштерін анықтап, оны ауру тарихына жазу керек. Анасына қорытындысын айтуы қажет. | | | |

4. Бойын өлшеу.

| № | Әрекет алгоритмі | Орындалды | Орындалмады | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Горизантальды бой өлшегішті тегіс жерге орналастыру. Керекті құралдарды дайындау. Қолды жуып, кептіріп, перчатка кию. | | | |
| 2. | Бой өлшегіштің үстін дезерітіндімен өңдеу. Жаялықты төсеу (ол шкаланы жаппау керек). | | | |
| 3. | Баланы бой өлшегішке қозғалмайтын жағына басын қойып жатқызамыз. | | | |
| 4. | Баланың аяғын, тізесін жәй басып жазамыз. Бой өлшегіштің жүргізілетін бөлігін табанға тірейді. Шкала бойынша баланың бойын анықтау. Бой өлшегіштен баланы алу. | | | |
| 5. | Қорытындысын ауру тарихына жазып қою керек. Бой өлшегіштен жаялықты алу. Бой өлшегіштің бетін дезерітіндісімен сүрту. Қолғаптарды шешу. Қолды жуып кептіру. | | | |

**7.Тапсырмалар:**

1. Дене салмағын өлшеу
2. Бас шеңберін өлшеу
3.Кеуде шенберін өлшеу
4.Бойын өлшеу

**8.Әдебиет,негізгі және қосымша:**

Негізгі:

1.Б.Х.Хабижанов С.Х.Хамзин «Педиатрия» Алматы 2016.

2.К.В. Рахимова Б.Н. Девятко «Организация диспансерного наблюдения за детьми в амбулаторных условиях» Алматы 2017

Қосымша

1.Асқамбаева К.А. Мустафина К.А. Балалар аурулары пропедевтикасы, Шымкент 2015ж.
2.А.В.Мазурин И.М.Воронцов Пропедевтика дестких болезней М –2017ж.

3.Н.А.Алексеев Гематология детского возраста С-П 2016ж.

4.А.В.Мазурин Общий уход за детьми М-2015ж